



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ФРАНЦУЗ ТІЛІ ОЛИМПИАДАЛАРЫ

- 2021 –

КОНКУРС ЕРЕЖЕСІ

2021 жылы Орталық Азиядағы француз мәдени желісі тұңғыш рет онлайн режимінде француз тілінің олимпиадаларын ұйымдастырады, оған қатысуға ақысыз және Орталық Азияның 5 республикасының (Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан) барлық франкофондары мен франкофилдері қатыса алады.

Ұлттық тілдердің әрқайсысында, сондай-ақ орыс және француз тілдерінде француз тілінің Аймақтық Олимпиадаларына қатысу ережелері мен шарттарын белгілейді.

Қатысу шарттары

Конкурсқа Орталық Азияның 5 мемлекетіндегі франкофондар және франкофилдер жасы, жынысы және ұлтына қарамай қатыса алады.

Тегін тіркеу 2021 жылдың **10 сәуір, сағат 12:00 ге дейін ашық (Париж уақыты бойынша)**.

Барлық қатысушылар бағыт-бағдарына қарай 8 санатқа бөлінеді:

1 санат: 1- 8 сынып оқушылары

2 санат: 9 - 11сынып оқушылары

3 санат: француз мектептерінің оқушылары және француз ұлтының оқушылары

4 санат: француз маманы емес студенттер (әртүрлі профиль)

5 санат: француз тілінің маманы

6 санат: француз тілі мұғалімдері және француз тілінің кәсіби мамандары

7 санат: басқа жағдайлар, француз тілінде сөйлемейтіндер (ана тілі емес адамдарға арналған)

8 санат: басқа жағдайлар, француз тілінде сөйлейтіндер (француз тілі - ана тілі)

Барлық қатысушылар берілген регламент бойынша талаптарды сақтауға, сондай-ақ өздеріне электронды пошта арқылы жіберілген нұсқаулықты орындауға міндетті.

Күнтізбе және тапсырманың форматы

2021 жылдың 10 сәуірі: тіркеудің соңғы күні. Берілген уақытқа дейін тіркеліп үлгергендер ғана конкурсқа қатыса алады.

18 сәуір: Олимпиаданың 1-ші кезеңі «Orthodidacte» платформасы ынтымақтыстығы арқылы құрылған Диктант пен Тесттен тұрады (Платформаның негізін орфография бойынша Франция Чемпионы Гийом Терьен жасаған). Олимпиаданың бірінші кезеңіне қатысу уақыты – Өзбекстан, Тәжікстан, және Түркменстан үшін сағат 15:00, Қазақстан мен Қырғызстан үшін сағат 16:00.

22 сәуір: 2-ші кезеңге өткен лауреаттардың тізімін жариялау. Бірінші кезеңнен іріктеп алған 64 үздік кандидат қана (әрбір категориядан 8 адамнан) пошта арқылы екінші кезеңге шақырылады.

26 және 27 сәуір: Олимпиаданың екінші кезеңінде Орталық Азияның француз мәдени желісі мүшелерінен тұратын аралас қазылардың әңгімелесу онлайн түрінде өтеді.

30 сәуір: қорытынды нәтижелер мен олимпиада жеңімпаздарының тізімін жариялау.



Конкурстың қазылар алқасы

1-кезеңнің тапсырмасы «Orthodidacte» платформасы алгоритміне сәйкес автоматты түрде тексеріледі. Диктанттағы қате саны, Тесттегі дұрыс жауап және кеткен уақыты есепке алынады.

Конкурстың ауызша бөлімі бойынша, қазылар алқасы құрамына Орталық Азияның 5 мемлекетіндегі Франция елшіліктерінің өкілдері, Француз Альянстарының және Француз Институтының француз тілі оқытушылары кіреді.

Жұлделер мен көтерме сыйлықтар

Әрбәр категорияның лауреаттары, алған орындары мен бағыттарына қарай түрлі сыйлықтармен марапатталады. Жазғы лингвастикалық тағылымдама, француз тілі курстары, ноутбуктер, iPad, электрондық кітаптар (қысқаша тізімі)

Конкурстың барлық қатысушылары 5 Орта Азия республикаларының әрқайсысында Франция елшіліктерінің елшілері қол қойған қатысу сертификатын алады.

Деректерді өңдеу

Тіркеу формасында берілген жеке мәліметтер, сондай-ақ Олимпиаданың әртүрлі кезеңдерінің нәтижелері Орталық Азиядағы аймақтық 2021 Олимпиадасының ұйымдастырушылық мақсаттары үшін құпия түрде қарастырылады.

Бірінші кезеңнен келесі кезеңге өткендердің аты және әкесінің аты, қатысушының елі, сондай-ақ ауызша бөлімде өткеннен кейін тізімдегі лауреат аталғандардан басқалардың тіркеуден өткен кездегі немесе Олимпиада кезеңдеріне қатысқан кездегі жеке басының мәліметтері жарияланымға шықпайды және үшінші тұлғаға берілмейді.

Міндеттер

Тіркеу кезінде әрбір қатысушы өзі және өзінің жағдайы туралы ақпараттың дұрыстығы мен нақтылығын растайды.

Әрбір қатысушы Олимпиаданың әрбір кезеңіне дербес, жеке дара өтеді. Сондай-ақ, поштаға алған кіру кодын құпияда ұстауға міндеттеледі.

Ұйымдастырушылар барлық кандидаттардың қажеттілік шараларын тиісті дәрежеде қамтамасыз етуді міндетіне алады.

Ұйымдастырушылар Олимпиадаға қатысушылардың орындары болып жатқан техникалық ақауларға, интернет-байланысының сапасына, қолжетімділіктің жеткіліксіздігі сияқты мәселелерге байланысты жауапкершілікті мойнына алмайды.

Байланыстар

Сұрақтар мен ақпарат сұрату мәселелері туындаған кезде мына поштаға хабарласуыңызды өтініміз: olympiadesregionales@gmail.com

